ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА

«Жаңақорған ауданының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша

Жаңақорған кенті 31.07.2026 жыл

КІРІСПЕ БӨЛІМІ:

1.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау обьектісі болып «Жаңақорған ауданының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі *(бұдан әрі – Бөлім)* қызметі табылады.

2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бекітілген (өзгерістер енгізу туралы) әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүргізілді.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды бөлімнің 2026 жылғы 1 шілдедегі №11 бұйрығымен құрылған келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізді:

Төлегенов Әбілғазы Берденұлы	-	Бөлім басшысы, топ жетекшісі;
Әмір Нұрдаулет Болатұлы	-	Бөлімнің бас маманы, топ мүшесі;
Мадиев Сакен Серікұлы	-	Бөлімнің әлеуметтанушы маманы, топ мүшесі;
Каюпова Диляра Ержанқызы	-	Бөлімнің есепшісі топ мүшесі;
Қалжан Нұржан Бауыржанұлы	-	Бөлімнің бас маманы, жұмысшы тобының хатшысы;

4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 01.07.-31.07.2026 жыл аралығында жүргізілді.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен 2025 жылғы 6 қаңтары мен 2025 жылғы 29 желтоқсан аралығындағы кезең қамтылды.

6. Бөлім басшысы Ә.Төлегеновке топ жетекшісі ретінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық, үйлестіру және жауапкершілік жүктелді.

СИПАТТАМА БӨЛІМІ:

I.Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1) Бөлімнің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде *(бұдан әрі қарай - НҚА)* сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Бөлімнің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

II. Бөлімнің қызметіне, оны ұйымдастыру-басқару қызметін реттейтін құқықтық актілер мен ішкі құжаттарға сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жұмыс тобы кодекстерді, заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді, бөлім өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделеді.

Бөлім қызметінде келесідей НҚА пайдаланылады:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі;
- Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі;
- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі;
- «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы;

-Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қазандағы Заңы;

-Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі №451 Заңы;

-Валентерлік қызмет туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 30 желтоқсандағы Заңы;

- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі Заңы;

-«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы;

-Қоғамдық бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 мамырдағы Заңы;

-Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 12 сәуірдегі Заңы;

-Мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы Заңы;

-Қазақстан Республикасның кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік жастар саясаты және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы 2022 жылғы 26 желтоқсандағы №168-VII ҚРЗ.

-Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 25 мамырдағы Заңы;

-Қазақстан Республикасының мемлекеттікрәміздері туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымдағы Конститутциялық Заңы;

-Телорадио хабарларын тарату туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 18 қаңтардағы Заңы;

-Қазақстан Республикасының ұлттқ қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы Заңы;

-«Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік ыныптамасының кейбі мәселелері» Қазақстан Республикасы Қарж министрінің 2014 жылғы 18

қыркүйектегі № 403 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 26 қыркүйекте 9756 тіркелді;

- «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы»

-Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511бұйрыгы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 25 желтоқсанда №10007 тіркелді.

- «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту(қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптардыбекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014жылғы 30 желтоксандағы №195 бұйрығы. Казакстан Республикасының Әділетминистрлігінде 2015 жылығы 3 ақпанда №10176 тіркелді.

- Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2017 жылғы 28 ақпандағы №75 бұйрығы негізінде «Қызылорда облысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу үшін сатып алынатын көрсетілетін қызметтердің құнын айқындау әдістемесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2022 жылдың 24 наурыздағы №514 қаулысы Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінен 2022 жылдын 31 наурызында №27331 нөмірімен тіркелді;

- «Жергілікті мемлекеттік баскарудың кейбір мәселелері туралы» аудан әкімдігінің 2022 жылғы 30 желтоқсан күнгі №859 қаулысына сәйкес «Жаңақорған ауданының қоғамдық даму бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қайта құрылды.

Ш. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

Кадрлық құрам бойынша 2025 жылы.

Бөлім құрылымында штат саны бойынша – 9, оның ішінде мемлекеттік қызметшілер саны – 3.

Кадрлық құрам бойынша 2026 жылдың 1 шілдесіне дейін

Бөлім құрылымында штат саны бойынша – 9, оның ішінде мемлекеттік қызметшілер саны – 3.

Лауазымдарды іріктеу және тағайындау тәртібі мәселелерінің реттелмеуі.

2025 жылдың 1 наурызы мен 2026 жылдың 1 наурызы аралығында 1 мемлекеттік қызметкер қабылданбаған.

Конкурстық іріктеуді ресми түрде өткізу, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау.

Бөлімде 2025 жылдың 1 наурызы мен 2026 жылдың 1 шілдесі аралығында біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау орын алған жоқ.

Бос орынның болуы, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі, іріктеудің әр түрлі кезеңдеріне жіберілген тұлғалар туралы ақпаратты орналастырмау, уақытылы немесе толық орналастырмау.

Іріктеу кезеңдерін өткізу мерзімдерінің болмауы.

Бөлімде 2025 жылдың 1 наурызы мен 2026 жылдың 1 шілдесі аралығында іріктеу кезеңдерін өткізу мерзімдері болған жоқ.

Тәртіптік жауапкершілікке қатысты.

Бөлімде 2025 жылдың 1 наурызы мен 2026 жылдың 1 шілдесі аралығында 1 қызметкерге ескерту түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

№	Аты-жөні	Қызметі	Тәртіптік шара түрі
1	Әмір Нұрдаулет	Бас маман	14.10.2025 №46 ж/қ, ескерту
2	Орынбай Ұлдай	Хатшы	10.03.2025 №55 ж/қ, ескерту
3	Мадиев Сакен	Әлеуметтанушы	10.03.2025 №56 ж/қ, ескерту
4	Карамат Абылайхан	Дінтанушы	10.03.2025 №57 ж/қ, ескерту

Қазіргі таңда Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық сервисінен алынған мәліметтерге сәйкес, бөлім қызметшілері әкімшілік және қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылық әрекеттерін жасамағандықтары анықталды.

Тәртіптік жазалар алынбаған жағдайда жұмыскерлерді көтермелеу.

Бөлімде 2025 жылдың 1 наурызы мен 2026 жылдың 1 шілдесі аралығында мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді бағалау нәтижелері бойынша бонустар төлеу, штаттан тыс қызметкерлерді көтермелеулер барысында тәртіптік жазалар алынбаған жағдайда жұмыскерлерді көтермелеу жағдайлары орын алмады.

Бөлімде 2025 жылдың 1 наурызы мен 2026 жылдың 1 шілдесі аралығында бөлімде сыбайлас жемқорлық санатына жататын заң бұзушылықтар орын алмаған және сыбайлас жемқорлыққа қатысты сотқа жүгіну фактілері болмаған.

Кадр мәселелерін реттеу барысында құқықтық мәселелер немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Қазіргі таңда, құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық сервисінен алынған мәлімеметтерге сәйкес, бөлім қызметшілері әкімшілік және қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылық әрекеттерін жасамағандықтары анықталды.

Облыс әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкілі және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істер агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаменті жыл сайын мемлекеттік қызметшілерге анонимді түрдегі сауалнамаларды тұрақты түрде жүргізіп келеді.

Кадр мәселелерін реттеу барысында құқықтық праблемалар немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Лауазымға іріктеу және тағайындау тәртібі мәселелерінің реттелмеуі.

Жаңақорған ауданының қоғамдық даму бөлімінде қызметкерлерді іріктеу мен тағайындау барысында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңының талаптарына сәйкес жұмыстар жүргізіледі.

Конкурстық іріктеуді ресми түрде өткізу, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау.

Бөлімнің конкурсы бойынша аудан әкімі аппаратының бірыңғай конкурс отырысы аркылы өткізіліп келеді.

Конкурс Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметке тен қол жеткізу конституциялық құқығын қамтамасыз етеді. Конкурстық іріктеуді

ресми түрде өткізу, біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмыска қабылдау болған жоқ, заңға сәйкес конкурстық процедуралар өткізілді.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің Қазақстан Республикасының Конституциясында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметтер туралы» Заңында және өзге де заңнамасында белгіленгендерден туындайтын лауазымдық өкілеттіктері және жауаптылығы біліктілік талаптары негізінде айқындалады жане лауазымдық нұсқаулықтарда көрсетіледі.

Соңымен қатар, мемлекеттік лауазымдарға тиісті біліктілік талаптарына сай келетін, өзінің жеке және кәсіби қасиеттері, денсаулық жағдайы, білім деңгейі бойынша өзіне жүктелген лауазымдық міндеттерді атқаруға қабілетті және Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады.

Бөлімде біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды жұмысқа қабылдау фактілері орын алған жоқ.

Бос орынның болуы, біліктілік талаптары, қажетті құжаттар тізбесі, іріктеудің әртүрлі кезеңдеріне жіберілген тұлғалар туралы ақпаратты орналастырмау, уақытылы және/немесе толық орналастырмау.

«Б» корпусының бос немесе уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурстар өткізу кезінде хабарландырулар мемлекеттік органдардың және уәкілетті органның интернет-ресурстарында орналастырылады.

Бос орынның болуы, біліктілік талаптары, кажетті құжаттар тізбесі, іріктеудің әртүрлі кезеңдеріне жіберілген тұлғалар туралы ақпаратты орналастырмау, уақытылы және/немесе толық орналастырмау фактілері болған жоқ.

Іріктеу кезеңдерін өткізу мерзімдерінің болмауы (бос орын туралы хабарландыруды арналастыру құжаттарды қабылдау әңгімелесу, тестілеу және т.б).

Бөлімнің конкурсы бойынша аудан әкімі аппаратының бірыңғай конкурс отырысы арқылы өткізіліп келеді. Бірыңғай конкурс отырысы кезеңінде бөлім тарапынан жарияланған конкурстарда тиісті құжаттарды рәсімдеу аудан әкімі аппаратының персоналды басқару қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Әңгімелесу және тестілеу өткізу үшін сұрақтарды қалыптастыру және қорғау тетігінің болмауы.

«Б» корпусынын мемлекеттік лауазымына орналасуға арналган конкурс бойынша әнгімелесу мен тестілеу өткізу үшін сұрақтарды қалыптастыру бірінғай конкурс өткізу бойынша аудан әкімі аппаратының персоналды баскару қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Кандиттар үшін әркелкі жағдайлар жасау.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткер кандидаттар үшін «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Үміткерлерді жұмысқа қабылдау туралы шешім қабылдайтын тұлғалардың мүдделер қақтығысын реттеу жөніндегі шараларды камтамасыз етпеу.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңына сәйкес, мемлекеттік қызметшілер мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдауға тиіс. Бөлім тарапынан мүдделер қақтығысы орын алған

жағдайда мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында тиісті шаралар қабылданады.

Тікелей басшы немесе мемлекеттік органның басшылығы мемлекеттік қызметшінің өтініші бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды уақытылы қабылдауға, оның ішінде:

1. мүдделер қақтығысы соған байланысты туындаған немесе туындауы мүмкін мәселе бойынша мемлекеттік қызметшінің лауазымдық өкілеттіктерін атқаруды басқа мемлекеттік қызметшіге тапсыруға;

2. мемлекеттік қызметшінің лауазымдық міндеттерін өзгертуге;

3. мүдделер қақтығысын жою жөніндегі өзге де шараларды қабылдауға тиіс.

Мемлекеттік қызметші, оның тікелей басшысы және мемлекеттік органның басшылығы өздеріне белгілі болған мүдделер қақтығысы жағдайларын болғызбау және реттеу жөніндегі шараларды қабылдамағаны үшін тәртіптік жауаптылықта болады.

Талдау обьектісі қызметкерлерінің жалақысы, көтермелеулері туралы ақпараттың жабықтығы.

Мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен Еңбекақы төлеудің біріңгай жүйесі негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметшілерге, «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің лауазымдық айлықақыларына сәйкес жүзеге асырылып келеді.

Тәртіптік жазалар алынбаған жағдайда, жұмыскерлерді көтермелеу.

Мемлекеттік қызметшілерді көтермелеу лауазымдық міндеттерін үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше манызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін. сондай-ақ олардың жұмысын бағалаудың нәтижелері бойынша қолданылады. Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемақылар белгілеу ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 каулысы негізінде, тәртіптік жазалары бар қызметкерлерге бөлім тарапынан сыйақы берілмейді.

Мерзімінен бұрын алынған жаза.

1. Бөлімде 2025 жылдың 1 наурызы мен 2026 жылдың 1 шілдесі аралығында бөлім басшысының бұйрығымен 4 қызметкердің тәртіптік жазасы алынды.

Жұмыс нәтижелеріне қарамастан, талдау объектісінің лауазымды адамдарының қалауы бойынша қызметкерлерді көтермелеу.

Бөлім қызметінің алға басуына өз үлесін қосып отырған бөлім қызметкерлеріне сыйақы беру үшін бөлім басшысының ұсынысы негізінде сыйлықақы беру жөніндегі шешімдер заңға сәйкес қабылданып келеді.

«Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдық жалақыларына үстемақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 қаулысына сәйкес Бөлім қызметінің алға басуына өз үлесін қосып отырған бөлім қызметкерлеріне сыйақы беру үшін бөлім басшысының ұсыныс негізінде сыйлықақы жөнінде шешімдер заңға сәйкес қабылданып келеді.

Бөлімде «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру, материалдық көмек көрсету және лауазымдылық жалақыларына үстемақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 каулысына сәйкес бөлімнің үнемделген қаржы есебінен 2025 жылы бөлім қызметкерлеріне сыйлықақылар берілді.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілерді атқарған жұмыстарынын нәтижесіне сәйкес мемлекеттік мерекелерде марапаттауға ұсыныстар жолданып тұрады.

Заңнаманың бұзылуын, жеке немесе занды тұлғалардың құқықтарын бұзуды немесе шектеуді жасаған немесе жол берген тұлғаларға тәртіптік сипаттаға шараларды қолданбау және тағы басқа.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолдану қағидасына, Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заннамасы және Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнаманың бұзылуын, жеке немесе занды тұлғалардың құқықтарын бұзуды немесе шектеуді жасаған немесе жол берген тұлғаларға тәртіптік сипаттағы шараларды қолданбау және тағы басқа фактілер орын алған жоқ.

VI. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Бөлімде 2025 жылдың 1 наурызы мен 2026 жылдың 1 шілдесі аралығында бөлім бойынша мүдделер қактығысы фактілері анықталған жоқ.

V. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Бөліммен мемлекеттік қызмет көрсетілмейді.

VI. Рұқсат беру функцияларына іске асыру.

Бөлімде тікелей рұқсат беру функциясы қарастырылмаған.

VII. Бақылау функцияларын іске асыру.

Бөлімде бақылау қадағалау функциялары жүзеге асырылмайды.

VIII. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Мемлекеттік сатып алуларды «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының талаптарына сәйкес жүзеге асыру.

Қаржылық-экономикалық мәселелері.

Жаңақорған ауданының қоғамдық даму бөлімі бойынша бюджет қаражатының 2026 жылғы игерілу туралы мәлімет

Бөлінген қаржы - 111 884,0;

Игерілгені - 55 942,0.

Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Заңынын талаптары сақталған және де өткізілген сатып алуларда Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңының талаптарын бұзылуына ықпал ететін фактілер байқалмайды.

Бөлімнің нормативтік құқықтық актілеріне мониторинг жүргізілді, нәтижесінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін немесе күшін жоюға жататын актілер және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жататын НҚА анықталған жоқ.

IX. Жеке және занды тұлғалармен шарттар жасасу.

Бөлімде жеке және занды тұлғалармен шарттар жасалмайды.

X. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Бөлімде ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану жүйесі қарастырылмаған.

XI. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне байланысты:

Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес азаматтар мен ұйымдардың арыз-шағымдары уақытылы қаралып, жауаптар қайтарылуда. Ай сайын тиісті органға жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау, есепке алу бойынша салыстырмалы акті есебі тапсырылуда.

Есепті мерзімде жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін автоматтандырылған ақпараттық жүйеге енгізіліп, ай сайын аудан әкімі аппаратына жолданып отырады. 2025 жылы барлығы- 33 өтініш тіркелді, оның ішінде 18 өтініш қанағаттандырылды. 2026 жылдың 1 шілдесіне дейін 8 өтініш тіркелді, оның ішінде 5 өтініш қанағаттандырылды. Бөлімде лауазымды тұлғалардың заңсыз іс-әрекеттері үшін азаматтардың арыз-шағымдарына арналған жәшік орнатылған, хаттардың түсуі бақылануда. Есепті мерзімде сыбайлас жемқорлыққа байланысты мемлекеттік қызметшілер тарапынан құқық бұзушылық туралы арыз-шағымдар түспеген.

Бөлімге қарауға жолданған жеке және занды тұлғалардың өтініштері бойынша «Жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының заңнамаларына, Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жауаптар берілуін, өтініштердің уақытылы есепке алынуын қадағалау бағытында талаптарын бұзушылықтар орын алмаған.

Бөлімнің қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижесінде тәуекелдер анықталмады.

«КЕЛІСІЛДІ»
Жұмыс тобы мүшелері:

Бас маман **Н. Әмір**

Бас маман **Н. Қалжан**

Әлеуметтанушы **С. Мадиев**

Есепші **Д.Каюпова**

Қарау және тиісті шаралар қабылдау үшін ұсынылды:

Бөлім басшысы **Ә. Төлегенов**